

Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 372 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 523 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2021 № 523 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 17 сәуірдегі
№ 372 қаулысымен
бекітілген

Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – аппаратты-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

2) ақпараттық жүйенің операторы – жеке тұлға (өтініш беруші) туралы мәліметтерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар;

3) балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

4) құжаттың электрондық көшірмесі – өтініш берушінің немесе осы құжатты куәландыру өкілеттігіне ие адамның не мемлекеттік қызмет көрсетуді алушының өзінің жеке қатысуы кезінде берген жазбаша келісімі негізінде халыққа қызмет көрсету орталығының уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

5) жеке тұлға (бұдан әрі – өтініш беруші) – жәрдемақы (бала туғанда берілетін жәрдемақы, бала күтімі жөніндегі жәрдемақы немесе балаларға арналған жәрдемақы) тағайындау үшін отбасының атынан өтініш беретін адам;

6) уәкілетті ұйымның бөлімшесі (бұдан әрі – орталық бөлімшесі) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның қалалық, аудандық бөлімшелері;

7) Халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – ХҚО) – жеке және (немесе) заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және құжаттарды беру жөнінде мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін ұйымдастыруды жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

3. Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін негіз орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау мен төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы жоқ мәліметтерді сәйкес келтіру жөніндегі ақпараттық жүйенің операторына сұрау салуы болып табылады.

2. Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру тәртібі мен мерзімдері

4. Ақпараттық жүйелерде өтініш беруші туралы сұратылатын мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттарды ақпараттық жүйенің операторынан алған жағдайда өтініш беруші жүгінген күні сұрау салуды жүзеге асырған орталық бөлімшесі немесе ХҚО не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және беру жөніндегі уәкілетті орган ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын ұсыну қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

Хабарлама орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша беріледі.

5. Ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіру үшін өтініш беруші хабарламаны алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде орталық бөлімшесіне немесе ХҚО-ға не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша өтінішті және мына құжаттардың түпнұсқаларын:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе оралмандар үшін Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының тұруға ықтиярхаты), ал тұлғаның өкілі – өкілдің жеке басын және өкілеттігін куәландыратын құжаттарды;

2) ақпараттық жүйелердегі өтініш беруші туралы жоқ мәліметтерді қамтитын құжатты ұсынады.

Өтініш беруші жүгінген күні өтініш ресімделеді және тіркеледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттың болмауы өтінішті тіркеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

6. Ақпараттық жүйелердің операторы ақпараттық жүйелерде өтініш беруші туралы сұратылған мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттарды ұсынған жағдайда балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі сұрау салуды жүзеге асырған уәкілетті орган құжаттарды алған күні кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне хабарлайды және ол арқылы өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша ақпараттық жүйелердегі ол туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге өтініш берушіден жазбаша келісім алу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Өтініш беруші хабарламаны өтініш берушіге берген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша оған бұрын ұсынылған құжаттардың көшірмелері негізінде ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіруге жазбаша келісімін кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі арқылы балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға береді.

7. Орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті адамы өтініш берушіден өтінішті және құжаттардың түпнұсқаларын қабылдаған күні құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды және құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады, содан кейін мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) ақпараттық жүйенің операторына осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша электрондық құжат түрінде орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері бекітілген сұрау салуды жібереді;

2) ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін өтінішті және құжаттарды қабылдау туралы қолхатты өтініш берушіге береді.

Балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі арқылы өтініш берушіден алған ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіруге жазбаша келісімді қабылдаған күні балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті адамы мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) ақпараттық жүйенің операторына осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша электрондық құжат түрінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері бекітілген сұрау салуды жібереді;

2) өтініш берушіге ақпараттық жүйелердегі өзі туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге оның жазбаша келісімін алу туралы қолхатты кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі арқылы жібереді.

8. Ақпараттық жүйенің операторы орталық бөлімшесінен немесе ХҚО-дан не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органнан сұрау салуды алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде сұрау салудағы және мұрағаттық құжаттардағы жеке тұлға туралы мәліметтердің ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтермен сәйкестігін тексереді, содан кейін ақпараттық жүйенің операторы мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады және оларды тексерудің нәтижесі бойынша орталық бөлімшесіне немесе ХҚО-ға не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға хабарламаны жолдайды:

1) сұрау салуда көрсетілген фактілер расталған кезде ақпараттық жүйелерге тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді, содан кейін орталық бөлімшесіне немесе ХҚО-ға не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша ақпараттық жүйе операторының уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат түрінде ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру туралы хабарламаны жібереді;

2) сұрау салуда көрсетілген фактілер расталмаған жағдайда ақпараттық жүйе операторының уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат түрінде осы Қағидаларға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша дәлелді себептерін көрсете отырып, ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіруден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

9. Ақпараттық жүйе операторының ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметті сәйкестендіруі өтеусіз көрсетіледі.

Ақпараттық жүйелердегі
жеке тұлға туралы мәліметтерді
сәйкес келтіру қағидаларына
1-қосымша

Кімге _____
(жеке тұлғаның тегін, атын,
әкесінің атын толық көрсету)
ЖСН деректемелері: _____
мекенжайы: _____
тел. _____

Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру үшін құжаттардың түпнұсқаларын беру қажеттілігі туралы хабарлама

20 жылғы " " № _____
_____ (орталық бөлімшесінің немесе ХҚО не
балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі
уәкілетті органның атауын көрсету) сұрау салынған мәліметтердің
жоқтығын растайтын _____ (электрондық
құжаттың

атауын, оның нөмірін, күнін және берген органның атауын көрсету)
_____ (ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы жоқ
мәліметтердің тізбесін көрсету) құжаттың келіп түсуіне байланысты
Сізге үш жұмыс күні ішінде мынадай құжаттардың түпнұсқаларын ұсына
отырып, ақпараттық жүйелерде көрсетілген мәліметтерді сәйкес келтіру
туралы өтінішті ұсыну қажеттілігі туралы хабарлаймыз:

- 1) _____ (өтініш берушінің жеке басын
куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі
немесе оралмандар үшін шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына
ықтиярхаты), ал тұлғаның өкілі – өкілдің жеке басын және
өкілеттілігін куәландыратын құжаттар);
- 2) _____ (ақпараттық жүйелердегі өтініш
беруші туралы жоқ мәліметтерді қамтитын құжат).

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Хабарламаны алдым _____

(Өтініш берушінің Т.А.Ә., қолы, күні)

Ақпараттық жүйелердегі
жеке тұлға туралы мәліметтерді
сәйкес келтіру қағидаларына
2-қосымша

Орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның
не балаларға арналған жәрдемақыны
тағайындау және төлеу жөніндегі
уәкілетті органның атауы

орналасқан жері _____

(қала, көше, үйдің, пәтердің №,
телефон) мекенжайы бойынша тұратын
азамат _____

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

ЖСН _____

**Жеке тұлғаның ақпараттық жүйелердегі өзі туралы мәліметтерді
сәйкес келтіруге өтініші**

Сізден "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар
туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес _____ (ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы жоқ
мәліметтердің тізбесі) сұрау салынған мәліметтердің жоқтығын
растайтын _____ (электрондық
күжаттың

атауын, нөмірін, күнін және берген органның атауын көрсету)
күжаттардың түсуіне байланысты Сізден ақпараттық жүйедегі
(жүйелердегі) мәліметтерді сәйкес келтіруді сұраймыз.

Мен ұсынған күжаттардың негізінде:

1) _____ (өтініш берушінің жеке басын
куәландыратын күжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі
немесе оралмандар үшін шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына
ықтиярхат), ал тұлғаның өкілі – өкілдің жеке басын немесе өкілеттігін
куәландыратын күжаттар);

2) _____ (ақпараттық жүйелердегі өтініш
беруші туралы жоқ мәліметтерді қамтитын күжат).

20 жылғы " ____ " _____ Өтініш берушінің қолы _____

Ақпараттық жүйелердегі
жеке тұлға туралы мәліметтерді
сәйкес келтіру қағидаларына
3-қосымша

Кімге _____

(жеке тұлғаның тегін, атын,
әкесінің атын толық көрсету)

ЖСН деректемелері: _____

мекенжайы: _____

тел. _____

**Ақпараттық жүйелерде жеке тұлғаның мәліметтерін сәйкес
келтіруге оның келісім беру қажеттілігі туралы
хабарлама**

20 жылғы " ____ " № _____

_____ (орталық бөлімшесінің немесе
ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу
жөніндегі уәкілетті органның атауын көрсету) сұрау салынған
мәліметтердің жоқтығын растайтын _____ (электрондық
құжаттың атауын, оның нөмірін, күнін және берген органның атауын
көрсету) _____ (ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға
туралы жоқ мәліметтің тізбесін көрсету) құжаттың келіп түсуіне
байланысты Сізге үш жұмыс күні ішінде (кент, ауыл, ауылдық округ)
_____ әкіміне Сіз ұсынған мынадай
құжаттардың көшірмелері негізінде ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға
туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге келісіміңізді берудің
қажеттілігі туралы хабарлаймыз:

1) _____ (өтініш берушінің жеке басын
куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі
немесе оралмандар үшін шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына
ықтиярхаты), ал тұлғаның өкілі – өкілдің жеке басын және
өкілеттілігін куәландыратын құжаттар);

2) _____ (ақпараттық жүйелерде өтініш
беруші туралы жоқ мәліметтерді қамтитын құжат).

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Хабарламаны алдым _____

(Өтініш берушінің Т.А.Ә., қолы, күні)

Ақпараттық жүйелердегі
жеке тұлға туралы мәліметтерді

Орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның
не балаларға арналған жәрдемақыны
тағайындау және төлеу жөніндегі
уәкілетті органның атауы

орналасқан жері: _____

(қала, көше, үйдің, пәтердің №,
телефон) мекенжайы бойынша тұратын
азамат _____
(өтініш берушінің Т.А.Ә.)
ЖСН _____

**Жеке тұлғаның ақпараттық жүйелердегі өзі туралы мәліметтерді
сәйкес келтіруге
КЕЛІСІМІ**

Сізден "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар
туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес _____ (ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы жоқ
мәліметтердің тізбесін көрсету) сұрау салынған мәліметтердің жоқтығын
растайтын _____ (электрондық құжаттың атауын, нөмірін,
күнін және берген органның атауын көрсету) құжаттың түсуіне
байланысты Сізден ақпараттық жүйедегі (жүйелердегі) мәліметтерді
сәйкес келтіруді сұраймын.

Мен _____ (кент, ауыл, ауылдық округ) әкіміне ұсынған
құжаттардың көшірмелері негізінде, мыналардың дұрыстығын растаймын:

1) _____ (өтініш берушінің жеке басын
куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі
немесе оралмандар үшін шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына
ықтиярхаты), ал тұлғаның өкілі – өкілдің жеке басын және
өкілеттілігін куәландыратын құжаттар);

2) _____ (ақпараттық жүйелерде өтініш
беруші туралы жоқ мәліметтерді қамтитын құжат).

20 жылғы "___" _____ Өтініш берушінің қолы _____

Ақпараттық жүйелердегі
жеке тұлға туралы мәліметтерді
сәйкес келтіру қағидаларына
5-қосымша

(ақпараттық жүйедегі оператордың атауы)

(мекенжайы)

Ақпараттық жүйелерде жоқ жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге сұрау салу

20 жылғы " " № _____

1. _____ (сұрау салуды жөнелтуші орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның атауын көрсету) ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға (өтініш беруші) туралы жоқ мәліметтерді сәйкес келтіруді сұрайды.

2. _____ (МО – сұрау салуды алушының атауы)

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты және туған күні, Ж С Н деректемелері	Сұрау салудың себебі (деректердің болмауы)	Ақпараттық жүйелерде жоқ мәліметтердің тізбесі	Деректердің жоқ екендігі туралы мәліметтерді ұсынған ақпараттық жүйенің жауап хабарламасы туралы ақпарат	Өтініш беруші туралы сұрау салынған мәліметтердің жоқ екендігін растайтын электрондық құжаттың атауы, оның нөмірі және берген күні

3. _____ (сұрау салуды жүзеге асырған орталық бөлімшесінің немесе ХҚО-ның не балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган маманының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы).

Қосымша (құжаттардың электрондық көшірмелері):

1) _____ (өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе оралмандар үшін шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты), ал тұлғаның өкілі – өкілдің жеке басын және өкілеттілігін куәландыратын құжаттар);

2) _____ (ақпараттық жүйелерде өтініш беруші туралы жоқ мәліметтерді қамтитын құжат).

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Ақпараттық жүйелердегі
жеке тұлға туралы мәліметтерді
сәйкес келтіру қағидаларына
6-қосымша

(қызмет берушінің атауы)

(мекенжайы)

Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы/ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы хабарлама

20 жылғы " " № _____

_____ (ақпараттық жүйе операторының атауын көрсету) ақпараттық жүйелерде жеке тұлға туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы/ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы хабардар етеді:

Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге сұрау салудың нөмірі және күні	Жеке тұлғаның ЖСН	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ № _____ қаулысымен бекітілген Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидаларының 8-тармағында көзделген ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар/ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді сәйкес келтіруден бас тарту үшін негіздеме

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.